

«Болашақ» мектебі мекемесі

**2021-2022 оқу жылында жүргізілген
Логопедтің жылдық жұмыс есебі**

Логопед: Зұлпыхар Ғ.Ж

«Болашақ» мектебі

2021 жылдың 1 – 14 қыркүйек аралығында сөйлеу тілі бұзылған оқушыларды қабылдау үшін тексеру жұмыстары жүргізілді. 13 қыркүйек күні сөйлеуге және оқуға қиналатын оқушыларды анықтап, логопунктке қабылдау үшін комиссия мүшелері құрылды.

2021 жылдың 13 қыркүйек күні №1 логопедтік зерттеу хаттамасы негізінде логопунктке 16 оқушы, 2021 – 2022 оқу жылында сөйлеу тілінің түзелмеуіне байланысты биылғы оқу жылына түзету жұмысын жалғастыруға 7 оқушы, қалалық психологтік-дәрігерлік-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша 2 оқушы, 11 ұл, 11 қыз, барлығы 25 оқушы қабылданды. Оның ішінде: 1 сыныптан – 5 оқушы, 2 сынып – 10 оқушы, 3 сынып – 2 оқушы, 4 сынып – 2 оқушы, 7 сынып – 1 оқушы, 9 сынып – 1 оқушы.

Сөйлеу тілінің дыбыс айту жағының бұзылуы, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, тұтықпа, фонематикалық есту қабілетінің қалыптаспауы бойынша топтарға бөлінді.

Дыбыс айтуының бұзылуы – 16

Фонетикалық – фонематикалық жетіспеушілігі - 6

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы - 1

Тұтықпа - 2

Дыбыс айту бұзылысы бар оқушыларға бұзып айтатын дыбысына байланысты әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жүргіземін. Мысалы: қойылатын дыбысқа байланысты сол оқушының артикуляциялық жаттығулар жасау арқылы артикуляциялық аппарат мүшелерін дайындау және әртүрлі ойындарды пайдалана отырып қойылған дыбысты буында, сөзде, сөйлемде, ауызекі сөйлеу тілінде машықтандыру және алмастыратын дыбыспен ажырату жұмыстары жүргізіледі. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған оқушылармен сөздік қорын молайтуға, байланыстырып сөйлеуін дамытуға бағытталған, мысалы: суреттерді атау, заттарды топтастыру, сөздерге сөйлем құрау, берілген сюжетті және сериялы суреттер бойынша әңгімелеу сияқты тапсырмалар беріледі.

Сөйлеу тілінде бұзылысы бар оқушылармен жүргізілетін күнтізбелік жоспар – жан-жақтылық, жас ерекшелігін ескеру, жүйелілік, динамикалық, онтогенетикалық қағидаларын негізге ала отырып құрастырылады.

Жартыжылдықтың қортындысы бойынша логопедтік топтан оқушылар шығарылды, бұл оқушылармен түзету жұмыстары жүргізіліп жақсы нәтижеге қол жеткізілді. Сөзімді қорыта келе, сөйлеу тілінің бұзылысы бар оқушылармен әртүрлі логопедиялық тәсілдерді қолдана отырып жұмыстар жүргізу барысында олардың сөйлеу тілінің бұзылуын түзетуге болады.



**Директордың ғылыми-әдістемелік
жұмысы жөніндегі орынбасары**

« 31 » 08. 2021 жыл

« 08 » 2021 жыл



2021-2022 оқу жылына арналған логопедтің жылдық жұмыс жоспары

Педагог-логопедтің мақсаты: Оқушылардағы ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын анықтау және түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу, сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу.

Педагог-логопедтің міндеттері:

- Оқушыларды тексеру, олардың дамуындағы ауытқушылықтарының құрылымы мен байқалу айқындығын анықтау, логопедиялық тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау және оларды рұқсат етілетін көлемде ата-аналарына және педагогтарға (оқушылар дамуындағы мәселелерде және оларды жеңуде бағдарлау мақсатында) жеткізу;
- Түзету жұмысының міндеттерін, формасын, тәсілдерін анықтау, бастапқы сөйлеу тілдік бұзылыстардың салдарынан туындауы мүмкін туынды бұзылыстардың алдын алу, оқушылардың дамуындағы жүйкелік-психикалық ауытқушылықтарды жеңу, сөйлеу тілдік бұзылыстарды барынша түзетуге бағытталған жеке даму бағдарламасы аясындағы түзете-дамыту жұмысын жүргізу; оқушылардың ары қарай қоғамда бейімделуін қамтамасыз ету;
- Балаларды ПМПК-ке, психологиялық, медициналық орталықтарға (қажет болған жағдайда) жіберу;
- Сабақ өткізу үшін оқушыларды психофизикалық және сөйлеу тілдік жағдайын есепке ала отырып, топтастыру;
- Түзету жұмысын ұйымдастыру барасында педагогтардың кәсіптік құзыретін жоғарылату бойынша шаралар өткізу;
- Оқушылармен түзете-дамыту жұмысының жеке бағдарламасын жүзеге асыруды мониторингілеу;
- Мектеп және жанұя жағдайындағы сөйлеу тілдік бұзылыстары бар оқушылармен жұмыс бойынша педагогтарға, мамандарға және ата-аналарға кеңес беру;
- Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жұмысына қатысу;
- Нормативтік құжаттарға сәйкес өзінің кәсіптік біліктілігін арттыру

№	Жұмыс бағыты	Жұмыс түрі	Мерзімі	Қолданылатын әдістемелер түрі	Жауапты
1	Әдістемелік ұйымдастырушылық	Оқушыларды жалпы бақылау, логопед көмегін қажет ететін балалар санын анықтау.	Қыркүйек	Логопедиялық көрнекі кітапшалар, логопед альбомы	Логопед
3	Әдістемелік ұйымдастырушылық	Жылдық жұмыс жоспар құру	Қыркүйек	Ұйымдастыру	Логопед
4	Әдістемелік ұйымдастырушылық	Сабақта қолданылатын әдістемелік-көрнекі құралдарды жинастыру	Жыл бойы	Ұйымдастыру	Логопед
5	Әдістемелік ұйымдастырушылық	ОПМПК мамандарымен байланыс жасау ОПМК ұйымдастырған онлайн вебинарларға, ZOOM конференцияларға қатысу	Қыркүйек	Ұйымдастыру	Логопед

6	Диагностикалық жұмыс	Оқушыларының дыбысты айтуында, фонематикалық қабылдауымен талдауында, сөйлеу сөзіндегі грамматикалық байланыс құруында, байланыстырып сөйлеуінде бұзушылығы бар оқушыларды анықтау	Қыркүйек	Сөйлеу картасы Дамытушылық суреттер	Логопед
7	Диагностикалық жұмыс	Әр балаға сөйлеу картасын толтыру	Қыркүйек	Ұйымдастыру кезеңі Құжаттарды рәсімдеу	Логопед
8	Түзету-дамыту жұмыстары	Тіркеуге алынған балалардың сөйлеу тілінің дамуын қадағалау	Жыл бойы	I жарты жылдықта	Логопед
9	Түзету-дамыту жұмыстары	Ата-ана мен логопед арасындағы байланыс дәптерін дайындау	Қыркүйек	Үй жұмысы дәптері	Логопед Ата-аналар
10	Әдістемелік ұйымдастырушылық	Оқушылардың сабақтарына бақылау жасау	Жыл бойы	Бақылау, зерттеу	Логопед, сынып жетекшілер

11	Диагностикалық жұмыс	Баланың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін тексеру	Жыл бойы	Бақылау, зерттеу	Логопед сынып жетекшілер
12	Әдістемелік ұйымдастырушылық	Оқушыларды тізімге жинақтау. Жұмыс кестесін жасау, сабақ кестесін құру, бекіту	Қыркүйек	Бақылау, зерттеу	Логопед
13	Әдістемелік ұйымдастырушылық	Баланы тіркеу журналын, сабаққа қатысуын белгілеу журналын бастау	Қыркүйек	Алдын-алу жұмыстары	Логопед
14	Түзету-дамыту жұмыстары	Артикуляциялық жаттығулар жасату	Қыркүйек Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	Артикуляциялық суреттер Арнайы бейне таспалар	Логопед
15	Диагностикалық жұмыс	Оқушыларға жеке дамыту бағдарламасын жасау, бекіту	Қыркүйек	Алдын-алу жұмыстары	Логопед

16	Түзету-дамыту жұмыстары	Дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін түзету дамыту(қою) (р,л,к,ң,ж,ш,с)т.б	Қазан Қараша Желтоқсан Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	Стерилді қолғап,құлақ таяқшалары,мақта, антисептик, айна,сұйық сабын	Логопед
17	Түзету-дамыту жұмыстары	Оқушылардың ұсақ, қол моторикасын дамыту Қарандаштармен массаж	Жыл бойы	Стерилді қолғап,құлақ таяқшалары,мақта, антисептик, айна,сұйық сабын	Логопед
18	Түзету-дамыту жұмыстары	Дыбыстарды қабылдауын,ажыратуын қалыптастыру	Қаңтар Ақпан Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	Әр түрлі дыбысты ойыншықтар,арнайы корточкалар,табиғат құбылыстары бар үнтаспа	Логопед
19	Түзету-дамыту жұмыстары	Қойылған дыбыстарды (буында,сөз басында,сөз аяғында,сөзтіркесінде,сөйлемде,мәтінде,ауыз екі сөйлеу тілінде) машықтандыру	Наурыз Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	Дыбысты машықтандыруға арнайы карточкалар , суреттер, журналдар	Логопед
20	Түзету-дамыту жұмыстары	Дифференциациялық жұмысы	Сәуір Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	Жұмбақтар,қысқа шумақты өлеңдер,арнайы суреттер	Логопед

21	Ғылыми-әдістемелік жұмыс	Дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар, арнайы әдебиеттер тізімін жинау	Үнемі	Ұйымдастыру	Логопед
22	Түзету-дамыту жұмыстары	Оқушылардың сөйлеу тіл дамуының ерекшелігін тексеру, түзету-дамыту жұмысын жүргізу	Жыл бойы	Сұрақ жауап, әңгіме әдістері, көрнекіліктер	Логопед
23	Түзету-дамыту жұмыстары	Жыл мезгілдері, ай, апта күндеріне жалпы шолу.	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	Суретпен жұмыс	Логопед
24	Түзету-дамыту жұмыстары	Геометриялық фигураларды, түстерді қалыптастыру	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	«Түстер әлемі» «Төртінші артық» Суреттер	Логопед
25	Түзету-дамыту жұмыстары	Суретке қарап әңгіме құрау	Мамыр	Суреттер	Логопед
26	Диагностик алық жұмыс	Баланың мінез-құлқын, жеке қасиеттерін бақылап отыру	Жыл бойы	Жаттығулар, логопедиялық ойындар	Логопед

27	Түзету-дамыту жұмыстары	Оқушының дұрыс тыныс алуын қалыптастыру	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	«Біркелкі дем алу», Үрлегіш көбіктері, шар, майшам арнайы жатығулар	Логопед
28	Түзету-дамыту жұмыстары	Баланың қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыру	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	«Үй жануарлары төлдерімен», «Өлшемдер», «Жиһаздар», «Отбасы», «Жемістер» т.б	Логопед
29	Түзету-дамыту жұмыстары	«Балаға қалай еркін сөйлеу керек екенін үйрету». Баламен сурет бойынша әңгіме құрастыра отырып, сөйлеу тіліне (фонетикасына, грамматикасына) түзету жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	Баламен суреттер бойынша әңгіме құрастыру, Артикуляциялық жаттығулар, Жаңылтпаштар, жұмбақ, мақал-мәтел	Логопед
30	Түзету-дамыту жұмыстары	Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	«Суджок» добы, «Суреттерді есте сақта және тап», арнайы ойындар карточкалармен	Логопед

31	Түзету-дамыту жұмыстары	Ойындар қолдану арқылы баланың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	«Суретті жалғастыр», «Қиылған суреттер», «Салыстырда атын ата» т.б.	Логопед
32	Түзету-дамыту жұмыстары	Ата-аналарға жиналыс ұйымдастыру	Қыркүйек Мамыр	Сөйлеу картасы	Логопед
33	Түзету-дамыту жұмыстары	Оқушылардың ұсақ және жалпы моторикасын дамыту	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	сурет салу, мозайка,кұм, ермексаз, түйме, сиқырлы мойыншақ (кеспелерден) т.б. жұмыс	Логопед
34	Түзету-дамыту жұмыстары	Кеспе сөздерді пайдаланып сөйлем құрау	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	«Сөз ойлап,сөйлем құра»	Логопед
35	Түзету-дамыту жұмыстары	Логикалық ойлау қабілетіне арналған тапсырмалар	Жыл бойы Жеке дамыту бағдарламасы бойынша	«Не артық?», «Орманға саяхат», Логикалық	Логопед

36	Диагностикалық жұмыс	II жарты жылдықтың қорытындысы, есебі	Мамыр	Аналитикалық жұмыс	Логопед
37	Диагностикалық жұмыс	Жылдық қорытынды жұмыс жүргізу	Мамыр	Аналитикалық жұмыс	Логопед

38	Мұғаліммен жұмыс	Мектептің өткізілетін іс-шараларына белсенді қатысу	Жыл бойы
		Педсовет, семинарларға қатысу	Жыл бойы
		Сабақтарға қатысу, сыныптарға кіру	Жыл бойы
		Сынып жетекшілермен бірлесіп баланың танымдық ерекшеліктерін бақылау	Жыл бойы
		Сынып жетекшілерден оқушы жөнінде қысқаша мінездеме алу	Жыл басында
		Сынып жетекшілерді оқушылардың қорытынды нәтижелерімен таныстырып отыру	Жыл бойы
39	Ата-аналармен жұмыс	Ата-аналарға кеңестер беру	Жыл бойы
		Ата-аналармен жекелей әңгіме жүргізу	Үнемі
		Өтініш, келісім шарттар толтыру	Жыл бойы
		Моториканы дамытуға арналған жаттығулармен ата-аналарды таныстыру	Жыл бойы

		Ата-аналарды оқушылардың II жарты жылдық нәтижесімен таныстыру	Мамыр
		Ата-ана сұранысы бойынша жеке оқушымен жұмыс	Жыл бойы
		Ата-анамен бірге ойнай отырып бала сауағын, логикалық ойлау, есту қабілетін, зейінін, дамыту туралы кеңес беру. Ата-аналарға кеңес жүргізу.	Жыл бойы
		Оқушының жыл бойғы нәтижелерімен таныстыру	Мамыр

Логопед: Зұлпыхар Ғ.Ж